

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2026 ж. 01 қыркүйек № 01

**2026-2027 оқу жылының басталу
және аяқталу, мерзімдерін, сондай-ақ
білім алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу мерзімдерін
айқындау туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38 тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2026 жылғы 18 тамыздағы № 350 бұйрығы, Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімінің 01.09.2026 ж. № 341 бұйрығы негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2026-2027 оқу жылының басталуы мен аяқталуының, ұзақтығы мен демалыс кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:

2026-2027 оқу жылының басталуы-2026 жылғы 1 қыркүйекті қоса алғанда 2027 жылғы 25 мамыр;

1-11 сыныптардағы оқу жылындағы тоқсандар мен демалыстардың ұзақтығы; 2026 жылдың 1 тоқсаны - 8 оқу аптасы, күзгі демалыс -7 күнтізбелік күн (2026 жылдың 26 қазанынан 01 қарашасын қоса алғанда);

2 тоқсан - 8 оқу аптасы, қысқы демалыс - 14 күнтізбелік күн (2026 жылғы 28 желтоқсаннан бастап 2027 жылғы 10 қаңтарды қоса алғанда);

3 тоқсан-10 оқу аптасы, көктемгі демалыс-7 күнтізбелік күн (2027 жылғы 22-28 наурызды қоса алғанда)

4 тоқсан -8 оқу аптасы

2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

1) 9 (10) сынып оқушыларының қорытынды емтихандары 2027 жылғы 01 маусымнан 07 маусым аралығында өткізілсін;

2) 11 (12) Оқушылардың қорытынды емтихандары 2027 жылғы 30 мамыр мен 13 маусым аралығында өткізілсін;

3) қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

1) Математика (Алгебра) бойынша жазбаша емтихан (тест) – 2027 жылғы 31 мамыр; 2) эссе түріндегі қазақ/орыс тілінен жазбаша емтихан (оқыту тілі) – жазбаша жұмыс (эссе, эссе) - 2027 жылғы 07 маусым;

таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзілік тарих, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын), информатика) – 7 маусым 2027 жыл;

4) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2027 жылғы 11 маусым;

11 (12) сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан - 2027 жылғы 01 тамыз;

2) алгебра және талдау бастамалары бойынша жазбаша емтихан - 2027 жылғы 04 маусым;

3) қазақ тілі/Орыс тілі бойынша жазбаша емтихан (оқыту тілі) – 2027 жылғы 09 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын), информатика) – 2025 жылғы 14 маусым

5) қазақ тілі мен әдебиеті бойынша орыс тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан-2026 жылғы 17 маусым;

2. Білім алушыларды қайта қорытынды аттестаттау санитариялық талаптарды сақтай отырып, орта білім беру ұйымы айқындайтын мерзімдерде жүргізіледі.

3. Басшының ОТЖ жөніндегі орынбасары Ә.М. Әбілхайыр ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының талаптарына сәйкес 2024-2025 оқу жылын аяқтауды қамтамасыз етсін (мемлекеттік тіркеуде № 5191 болып тіркелген Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі);

4. Басшының ОТЖ жөніндегі орынбасары Ә.М. Әбілхайыр 2026-2027 оқу жылының аяқталуын ұйымдастыру және білім алушыларды қорытынды аттестаттауды қамтамасыз етсін;

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының ОТЖ жөніндегі орынбасары Ә.М. Әбілқайырма жүктелсін.

Басшы



А. Капизина

Бұйрықпен таныстым:

Әбілхайыр Ә.М. _____